«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2026 ж.

ӘЗІРЛЕГЕН

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директоры Байсарина А.К.

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің бас маманы Нагиметова А.Е.

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесінің 2026 жылғы «_2_» __07__ № _12_ хаттамасымен бекітілген шешімі негізінде.

ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ: жаң редакциясы қолданысқа енгізілгенге дейін.

ЕНГІЗІЛДІ: 2025 жылғы 1 шілдедегі редакцияның орнына.

Осы Ережені Басқарма төрағасы – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға, таратуға және ресми басылым ретінде таратуға болмайды.

Осы ереже басқарма төрағасы – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы Модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеу туралы ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (бұдан әрі – Университет) білім беру бағдарламаларының құрылымын, мазмұнын, әзірлеу және бекіту кезеңдерін айқындайды.

1.2 Осы Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының тізбесіне кіреді, орындауға міндетті болып табылады және Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінде қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже мынадай нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу және одан алып тастау негіздерін бекіту туралы».

2.6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы».

2.7 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып).

2.8 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы «Оқу процесіне ECTS қағидаттарын енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы».

2.9 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 наурыздағы № 125 бұйрығы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы».

2.10 ҚР МЖМБС 5.05.001–2005 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары мен оқу пәндерін кодтау жүйесі».

2.11 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 601 н/қ бұйрығына 1-қосымша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық».

2.12 Тиісті білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіби стандарттар.

2.13 Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ішкі нормативтік құжаттары.

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде нормативтік құжаттарға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) – білім беру мақсаттарын, оқу нәтижелерін, оқыту мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асырудың тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу – оқу нәтижелерін, оларды игеруге жұмсалатын еңбек сыйымдылығын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен бағалау рәсімдері (өлшемшарттары) көрсетіле отырып, білім беру бағдарламасы мен оның құрамдас бөліктерін жоспарлау процесі.

Білім беру бағдарламасының паспорты – бағдарламаның мақсатын, ББ-ның кәсіби қызмет саласымен байланысын (Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберін (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңберін (СБШ) және болған жағдайда кәсіби стандарттарды ескере отырып), оқу нәтижелері мен пәндерін, пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға әсер ету матрицасын, сондай-ақ бағдарламаның еңбек сыйымдылығы мен оқыту тілі туралы мәліметтерді қамтитын қысқаша сипаттама.

Білім беру бағдарламаларының тізілімі – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның «Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі, онда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесі орналастырылады.

Оқу нәтижелері (ОН) – білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде білім алушының игерген, бағалау арқылы расталған білім, білік, дағдылар көлемі, сондай-ақ қалыптасқан құндылықтары мен қарым-қатынастары.

Құзыреттер – білім алушылардың оқу процесінде алған білімін, білігі мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық тұрғыдан қолдана алу қабілеті.

Модуль – нақты тұжырымдалған оқу нәтижелерімен, меңгерілетін білім, білік, дағдылар мен құзыреттермен және оларды бағалаудың барабар өлшемшарттарымен сипатталатын білім беру бағдарламасының дербес әрі аяқталған құрылымдық элементі.

Модульдік білім беру бағдарламасы – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және (немесе) біліктілік алуына қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын бағдарлама.

Модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының және оқу пәндерінің модульдік құрылымы негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) – негізгі кәсіби құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы таңдаған білім беру бағдарламасы.

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы таңдаған пәндер мен (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

Қолданыстағы білім беру бағдарламасы – білім беру қызметі жүзеге асырылып, кемінде бір түлек шығарылған білім беру бағдарламасы.

Жаңа білім беру бағдарламасы – білім беру қызметі жүзеге асырылып жатқанымен, әлі түлек шығарылмаған білім беру бағдарламасы.

Инновациялық білім беру бағдарламасы – Қазақстан Республикасында баламасы жоқ және білім беру бағдарламаларының тізіліміне алғаш рет енгізілетін білім беру бағдарламасы.

Түлек атрибуттары (түлек моделі) – түлектің өз кәсіби қызметін табысты орындауына мүмкіндік беретін қасиеттердің, білімнің, біліктің, дағдылар мен құзыреттердің жиынтығы.

Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы.

Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – белгілі бір салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы.

Кәсіби стандарт (КС) – белгілі бір кәсіби қызмет саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

Кәсіп – арнайы даярлық пен жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған теориялық білімдер мен практикалық дағдылар кешенін талап ететін еңбек қызметінің түрі.

Бейін – білім беру бағдарламасының нақты бағыттылығын айқындайтын кәсіптің (даярлау бағытының, мамандықтың, мамандандырудың) негізгі сипаттарының жиынтығы.

Еңбек функциясы – еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі болып табылатын, бизнес-процестермен айқындалатын және оны орындауға қажетті құзыреттерді талап ететін өзара байланысты еңбек әрекеттерінің салыстырмалы түрде дербес жиынтығы.

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) – оқытудың барлық кезеңіне арналған таңдау компонентінің пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі. Онда пәннің мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері), күтілетін

оқу нәтижелері, пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті пәндерді баламалы таңдауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар менторлардың көмегімен **жеке оқу жоспарларын** әзірлейді.

Оқу жоспары – білім беру деңгейіне сәйкес оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіби практиканың, білім алушылардың оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын айқындайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), жоғары оқу орны компонентінің (ЖК), таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) енгізіледі.

Білім алушы жеке оқу траекториясын қалыптастыру кезінде жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде негізгі білім беру бағдарламасының (Major) және (немесе) қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндерін таңдайды.

Жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) – жоғары оқу орны білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты.

Жұмыс оқу жоспарында оқу жылына арналған пәндердің тізбесі, олардың кредиттердегі еңбек сыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа түрлері (практика, мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау) айқындалады.

Эдвайзер – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық кеңесшісі қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдем көрсететін оқытушы.

Міндетті компонент (МК) – МЖМБС-мен белгіленген және барлық білім алушылар міндетті түрде меңгеретін оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің жиынтығы.

Жоғары оқу орны компоненті (ЖК) – жоғары оқу орны білім беру бағдарламасын меңгеру үшін дербес айқындайтын міндетті пәндердің жиынтығы.

Таңдау компоненті (ТК) – жоғары оқу орны ұсынатын және білім алушылар пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып өздері таңдайтын пәндер мен академиялық кредиттердің жиынтығы.

Элективті пәндер – негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушы міндетті түрде таңдайтын, білім алушының жеке даярлығын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен

қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері. Элективті пәндер бір оқу жылына таңдалады.

Постреквизиттер (постреквизит) – оларды меңгеру үшін осы пәнді оқу нәтижесінде қалыптасатын білім, білік және дағдылар талап етілетін пәндер.

Пререквизиттер (пререквизит) – оқытылатын пәнді меңгеруге қажетті білімді, білікті және дағдыларды қамтитын пәндер.

Академиялық кезең (Term) – білім беру ұйымы дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі. Ол семестр, триместр немесе тоқсан нысандарының бірінде ұйымдастырылады.

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

Бакалавриат – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, «бакалавр» дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім беру деңгейі.

Магистратура – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, «магистр» дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім беру деңгейі.

Докторантура – ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі. Докторантура бағдарламасын аяқтағаннан кейін кемінде 180 академиялық кредит игеріледі және философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

Дипломдық жұмыс – білім алушының білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өзекті мәселені өз бетінше зерттеу нәтижелерін жинақтайтын бітіру біліктілік жұмысы.

Дипломдық жоба – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес қолданбалы міндеттерді жобалық тәсілдер арқылы және (немесе) бизнес-жоба, модель, шығармашылық жоба немесе басқа да жобалар түрінде өз бетінше шешуді көздейтін бітіру жұмысы.

Магистрлік диссертация – магистранттың нақты білім беру бағдарламасының өзекті тақырыптарының бірі бойынша орындалған дербес ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жинақтайтын ғылыми еңбек. Ол түлектің ғылыми мәселелерді шығармашылық тұрғыдан қоя және шеше алатын ғылыми қызметкер ретіндегі даярлық деңгейін көрсетуі тиіс.

Докторлық диссертация – докоранттың дербес ғылыми зерттеуі болып табылатын ғылыми еңбек. Онда жаңа ғылыми жетістік ретінде танылатын теориялық қағидалар әзірленеді немесе ғылыми мәселе шешіледі, не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер ұсынылады.

Оқу пәніне тіркелу (Enrollment, енролмент) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

Қорытынды бақылау – аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін, білім алушылардың пәнді меңгеру сапасын бағалауға арналған бақылау түрі. Егер

пән бірнеше академиялық кезең бойы оқытылса, қорытынды бақылау сол академиялық кезеңде оқытылған бөлім бойынша өткізілуі мүмкін.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндері мен (немесе) модульдерді және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

Пәннің сипаттамасы (Course Description) – пәннің мақсаты, міндеттері және мазмұны қамтылатын 50-60 сөзден тұратын қысқаша сипаттамасы.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің модульдік білім беру бағдарламалары Университетте МЖМБС талаптарына, кредиттік оқыту технологиясы қағидаларына, кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышына және жоғары әрі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дербес әзірленеді және бекітіледі.

4.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты білім беру мазмұнына, оқу нәтижелеріне бағдарлануына, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, олардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

4.3 Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып және Ұлттық біліктілік шеңбері мен Салалық біліктілік шеңберіне сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, жалпы білім беру пәндері циклін, базалық пәндер циклін, бейіндеуші пәндер циклін оқуды, сондай-ақ кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша кәсіптік практикалардан өтуді көздейді.

4.4 Білім беру бағдарламалары Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленеді.

4.5 Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары міндетті компонент пен таңдау компоненті пәндерін қамтиды.

Таңдау компоненті шеңберінде білім алушы жеке оқу траекториясын қалыптастыру кезінде:

- негізгі білім беру бағдарламасы (Major) бойынша пәндерді;
- қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша пәндерді таңдай алады.

Негізгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді таңдау және меңгеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және меңгеру сабақтас немесе бейінді білім беру бағдарламалары бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушының жеке білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

4.6 Дублин дескрипторлары – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейіндегі білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін білім алушы меңгерген білім, білік, дағды және құзыреттердің деңгейі мен көлемін сипаттайтын, оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге және академиялық кредиттерге негізделген сипаттама.

4.7 Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар білім берудің тиісті деңгейінің Дублин дескрипторлары негізінде (бірінші деңгей – бакалавриат, екінші деңгей – магистратура, үшінші деңгей – докторантура) айқындалады және қол жеткізілген оқу нәтижелері арқылы көрініс тапқан меңгерілген құзыреттерді сипаттайды.

Оқу нәтижелері жоғары білімнің тұтас білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де қалыптастырылады.

4.8 Оқу нәтижелері – білім, білік, дағды, қабілет және құзырет тілінде сипатталатын, білім алушының оқу кезеңін, модульді немесе оқу пәнін аяқтағаннан кейін көрсете алатын күтілетін және өлшенетін нақты жетістіктері.

4.9 Әрбір модульге белгілі бір академиялық кредиттер көлемі мен бақылау нысаны бекітілген модульдік құрылымдағы білім беру бағдарламасы қазіргі еңбек нарығының талаптарына жауап беретін шынайы икемді бағдарламаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының икемділігі модульдерді оқу нәтижелерімен өзара байланыстыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл нәтижелер өлшенетін, диагностикаланатын және білім беру бағдарламасында көзделген нақты құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған болады.

Вариативтік модульдерді таңдаудың қажеттілігін білім алушылар базалық модульдерді меңгеру және кәсіби ортаға біртіндеп бейімделу барысында түсінеді.

4.10 Модульдік білім беру бағдарламаларындағы модульдер мынадай түрлерге бөлінуі мүмкін:

- даярлау бағытына қатысы жоқ жалпы мәдени құзыреттерді қалыптастыратын базалық пәндерден тұратын *міндетті модульдер;*
- даярлау бағытының негізін құрайтын және базалық әрі кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған базалық және кәсіптік пәндерден тұратын *даярлау бағыты бойынша міндетті модульдер*;
- білім беру бағдарламасының білім саласына және (немесе) даярлау бағыты шеңберіндегі нақты қызмет түрлеріне бағдарлануына сәйкес кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған бейіндік пәндерден тұратын *таңдау модульдері*.

Таңдау модульдері жұмыс берушілердің сұраныстарына жедел жауап беруге, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысын арттыруға, өңір мен елдің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму үрдістерін, нақты тапсырыс берушілер мен Университеттің стратегиялық серіктестерінің қажеттіліктерін ескере отырып кәсіби даярлықтың өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осындай модульдерді білім беру бағдарламасына енгізу білім беруді дараландырудың, білім алушылардың бастамашылдығы мен дербестігін дамытудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

4.11 Модуль екі немесе одан да көп оқу пәнінен немесе бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлерімен үйлесімінен тұруы мүмкін.

4.12 Кәсіптік практикалар, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік және докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізіледі. Бұл ретте кәсіптік практиканың әрбір түрі жеке модульге жатқызылады.

4.13 Модульдік білім беру бағдарламалары мазмұны мен оқытуды ұйымдастыру тұрғысынан икемді білім беру құрылымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

4.14 Модульдік оқыту жаңа білім беру бағдарламаларын ғана ашу арқылы емес, қолданыстағы бағдарламаларға жаңа мазмұндық модульдерді енгізу арқылы да еңбек нарығының сұраныстарына икемді жауап беруге мүмкіндік береді.

4.15 Элективті пәндер каталогы (ЭПК) мамандықтың оқу-әдістемелік кешенінің міндетті элементтерінің бірі болып табылады.

4.16 ЭПК университеттің барлық білім беру бағдарламалары үшін әзірленеді және кәсіби қызметтің барлық бейіндері мен түрлерін ескере отырып, мүмкін болатын пәндердің толық спектрін қамтиды.

4.17 ЭПК-ның негізгі мақсаты – білім алушыларға элективті пәндердің қысқаша мазмұнымен танысуға мүмкіндік беру, пәндерді саналы таңдауды қамтамасыз ету және олардың оқу траекториясын икемді әрі дербес қалыптастыруына жағдай жасау.

4.18 Элективті пәндердің мақсаты – белгілі бір жүйелі курстың түйінді тақырыптарын тереңдетіп меңгерту, кәсіби даярлық сапасын айқындайтын білімді қалыптастыру, ғылыми таным әдіснамасын игеру және ғылымның жекелеген мәселелері бойынша зерттеу қызметін ұйымдастыру.

4.19 Элективті пәндер каталогы білім алушыларға элективті оқу пәндерін баламалы негізде таңдауға мүмкіндік береді.

5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық;
2) білім беру бағдарламасын жобалау;
3) білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін нақтылау.

5.2 Білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламасын ашу жөніндегі қызметі жоспарланып, даярлау бағыттары мен білім беру бағдарламаларының тізбесі айқындалады.

Бұл кезеңде:

1) тиісті бейіндегі мамандарға еңбек нарығының қазіргі және перспективалық қажеттілігі (Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласын ескере отырып), сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру перспективалары (кадрлар тапшылығы немесе артықшылығы) зерделенеді;
2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: өңірдегі және жақын өңірлердегі бәсекелес жоғары оқу орындары, олардың күшті және әлсіз жақтары бағаланады;
3) жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасын іске асыру мүмкіндіктері талданады: қажетті кадрлық әлеуеттің, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы бағаланады.

Жүргізілген талдау нәтижелері негізінде ЖЖОКБҰ даярлау бағыттарының тізбесін айқындайды.

5.3 Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің өзара сабақтас немесе байланысты білім беру бағдарламалары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) жүзеге асырады.

Академиялық комитеттің қызметінің мақсаты: білім беру бағдарламаларының тізбесін айқындау, білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу, жетілдіру.

Академиялық комитет құрамына:

- кафедра меңгерушісі;
- профессор-оқытушылар құрамы өкілдері;
- жұмыс берушілер;
- университет түлектері;
- қажеттілігіне қарай серіктес жоғары оқу орындарының өкілдері кіреді.

5.4 Білім беру бағдарламасын жобалау кезеңі Академиялық комитет орындайтын мынадай кіші кезеңдерден тұрады:

- ✓ түлектің кәсіби қызмет саласын зерттеу;
- ✓ тиісті білім беру бағдарламасының кәсіби қызмет саласына тән құзыреттерді және оларды меңгеру деңгейін анықтау;
- ✓ білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін қалыптастыру;
- ✓ білім беру бағдарламасының құрылымы мен пәндер тізбесін анықтау;
- ✓ құзыреттердің, оқу нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысын белгілеу;
- ✓ оқыту мен оқу технологияларын, білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау құралдарын анықтау;
- ✓ қажетті ресурстарды айқындау.

5.4.1 Кәсіби қызмет саласын зерттеу кезеңінде Академиялық комитет білім беру бағдарламасы түлегінің бастапқы құзыреттер тізбесін қалыптастыру үшін мынадай құжаттарды талдайды: отандық және шетелдік Ұлттық біліктілік шеңберлері, Салалық біліктілік шеңберлері, кәсіби стандарттар, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Жаңа кәсіптер атласы, лауазымдық нұсқаулықтар, басқа да нормативтік және әдістемелік құжаттар.

5.4.2 Келесі кезеңде білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреттілік моделі қалыптастырылады. Бұл кезеңде:

- жалпы (жалпы білім беру) құзыреттер (жеке тұлғалық, әлеуметтік-этикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және т.б.) айқындалады;
- базалық және кәсіби құзыреттер (осы даярлау бағытына тән теориялық және практикалық білімдер, біліктер мен дағдылар) анықталады.

Құзыреттер тізбесін нақтылау және басымдықтарын белгілеу мақсатында жұмыс берушілерге, кәсіби орта өкілдеріне сауалнама жүргізіледі (сауалнама, сұхбат және фокус-топтар арқылы).

Білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреттері: Дублин дескрипторларына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

Кәсіби стандарт негізінде әзірленген білім беру бағдарламасында негізгі еңбек функциялары білім беру бағдарламасының кәсіби құзыреттеріне трансформацияланады.

Салалық біліктілік шеңберіндегі тұлғалық құзыреттер білім беру бағдарламасының жалпы және базалық құзыреттеріне, ал кәсіби құзыреттері мен негізгі еңбек функциялары білім беру бағдарламасының кәсіби құзыреттеріне сәйкестендіріледі.

5.4.3 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін қалыптастыру кезеңінде жұмыс тобы білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін, кәсіби стандарттардың және (немесе) жұмыс берушілердің талаптары мен күтілімдеріне сәйкес келетін оқу нәтижелерін айқындайды.

Оқу нәтижелері:

- білім беру бағдарламасының көлемін;
- бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттердің көлемін анықтауға негіз болады.

Білім беру бағдарламасында пәндер мен оқу нәтижелерінің өзара байланысы міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Оқу нәтижелері ECTS (Еуропалық кредиттерді жинақтау және аудару жүйесі) қағидаттарына сәйкес тұжырымдалады және мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- ✓ бағдарламаның контексін, деңгейін, көлемін және мазмұнын нақты көрсетуі;
- ✓ еңбек нарығының болашақ қажеттіліктеріне бағдарлануы;
- ✓ бағдарлама деңгейіне сәйкес келуі және кәсіби әрі тұлғалық құзыреттерді белсенді етістіктер арқылы нақты сипаттауы;
- ✓ өзара үйлесімді болуы;
- ✓ білім алушы үшін түсінікті әрі тексерілетін болуы;
- ✓ бағдарламадағы оқу жүктемесі шеңберінде қол жеткізуге болатын болуы;

- ✓ оқу қызметінің түрлерімен, оқыту әдістерімен және бағалау критерийлерімен өзара байланыста болуы.

Жоғары оқу орны оқу нәтижелерінің санын дербес белгілейді. Тәжірибе көрсеткендей, білім беру бағдарламасында 8-12 оқу нәтижесін көрсету оңтайлы болып табылады.

Оқу нәтижелерін жобалау кезінде білім беру бағдарламасы түлектерде мынадай құзыреттерді қалыптастыруы тиіс:

- мінез-құлық дағдылары мен тұлғалық қасиеттер **(**Soft Skills);
- кәсіби дағдылар **(**Hard Skills**);**
- цифрлық дағдылар **(**Digital Skills**).**

Оқу нәтижелері белсенді етістіктен басталуы тиіс. Бұл білім алушылардың кәсіби қызмет пен тұлғалық даму барысында қандай әрекеттерді орындай алатынын, алған білімдері мен біліктерін қолдана отырып кәсіби функцияларды қалай жүзеге асыратынын көрсету үшін қажет. Оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде, әдетте, Блум таксономиясының белсенді етістіктері пайдаланылады. Қолдануға ұсынылатын етістіктердің үлгілік тізбесі осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген.

Оқу нәтижелері:

- еңбек функцияларына бағдарлануы;
- еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс.

Әрбір оқу нәтижесі өлшенетін болуы және оған қол жеткізу деңгейін бағалау критерийлерімен қамтамасыз етілуі қажет.

Бағалау критерийлері аяқталған әрекетті сипаттайды және «біледі»**,** «істей алады»**,** «меңгерген» санаттарында тұжырымдалады. Мысалы:

- біледі – оқу материалын қажетті ғылыми дәлдікпен және толықтықпен қайта жаңғыртады және түсіндіреді;
- істей алады – типтік міндеттерді стандартты алгоритмдерді қолдана отырып шешеді;
- меңгерген – алған білімдері, біліктері мен дағдыларын бейстандарт жағдайларда қолдана отырып күрделі міндеттерді шешеді.

Бағдарламаны жобалау оқу нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған пәндердің құрылымын және оларды оқу ретін пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсету арқылы анықтауды қамтиды.

Одан кейін құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау әдістері мен құралдары жобаланады.

Оқу нәтижелерін бағалау әдістері мен құралдарын жобалау кезінде:

